

**«Urker mitec» зияткерлік орталығы» ЖШС және
Ақмола облысы денсаулық сақтау басқармасы жанындағы «Көкшетау жоғары
медициналық колледжі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны
арасындағы өзара іс-қимылдар мен ынтымақтастық туралы
МЕМОРАНДУМ**

Нұр-Сұлтан қаласы

2021 жылғы « 23 » 09

2017 жылғы 05 қазандағы Жарғының негізінде әрекет ететін директор Р.Э. Қалым тұлғасында, бұдан әрі Орталық деп аталатын «Urker mitec» зияткерлік орталығы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі бір жағынан және Жарғының негізінде әрекет ететін, директордың міндетін атқарушысы Серғалиева Н.С. тұлғасында, бұдан әрі Колледж деп аталатын Ақмола облысы денсаулық сақтау басқармасы жанындағы «Көкшетау жоғары медициналық колледжі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны екінші жағынан, бірлесіп Тараптар деп аталып, Ұнтымақтастық туралы осы меморандумды (бұдан әрі – Меморандум) жасастық.

1. Тараптардың ынтымақтастығының мақсаты мен негізгі бағыттары

1.1 Тараптар осы Меморандуммен техникалық және кәсіби білім мамандарын даярлау сапасын арттыруға бағытталған іс-шаралар өткізу мақсатында жан-жақты өзара қарым-қатынастар орнату мен нығайтуға ықпал көрсетуді көздейтіндігін білдіреді және өзара ынтымақтастықтың келесі салаларын айқындайды:

- 1) *колледждерді саралау көрсеткіштерінің бір болып табылатын «IQ college» зияткерлік жобасына студенттердің қатысуы арқылы колледждің рейтингін арттыру;*;
- 2) білімдерін кеңейту мен тереңдетуге ықпал көрсету, студенттердің ой-өрісін дамыту;
- 3) ең дарынды және талантты оқушыларды анықтау;
- 4) танымпаздыққа дағдыландыру; ақпаратты өздігінен іздеу мен қолдануға тарту;
- 5) педагогикалық қызметкерлерді қолдау және кәсіби ой-өрісі мен белсенділігін дамыту;
- 6) Тараптармен келісілген ынтымақтастықтың кез келген басқа түрлері.

1.2 Ұнтымақтастық шеңберінде жекелеген жобаларды іске асыру үшін, қажет болған жағдайда жобаның мазмұнын, қатысушылардың құзыреттілігі мен оларды қаржыландыр шарттарын айқындайтын жекелеген шарттар жасау жоспарланады.

1.3 Орталық:

- 1) «IQ college» зияткерлік жобасының олимпиадалары мен конкурстарының бағдарламаларын әзірлеуді қамтамасыз етуді;
- 2) студенттер мен оқытушылар үшін конференциялар, семинарлар және тағылымдамалар ұйымдастыру мен өткізуді (таяу және алыс шетелдерге);
- 3) халықаралық жинақтарда, сонымен қатар электрондық журналда жарияланымдарды, ғылыми жұмыстарды орналастыру мүмкіндігін ұсынуды;
- 4) білім беру басқармаларын «IQ college» жобасының олимпиадаларына қатысу нәтижелері туралы ақпараттармен қамтамасыз етуді, сонымен қатар Орталықтың сайтында тиісті ақпаратты орналастыруды іске асырады.

1.4 Колледж:

- 1) оқушылардың «IQ college» зияткерлік жобасының олимпиадалары мен конкурстарына қатысуын ұйымдастыруға;
- 2) студенттердің конференцияларға, семинарлар мен тағылымдамаларға қатысуын ұйымдастыруға;

- 3) зияткерлік іс-шаралардың тақырыптық жоспарын әзірлеуге қатысуға;
- 4) оқушылардың жеке зияткерлік нәтижелілік көрсеткіштерін өсіруге ықпал көрсетеді.

2. Тараптардың өзара іс-қимылдары

2.1. Осы Меморандумның шеңберінде Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасын, басқа нормативтік-құқықтық актілерін басшылыққа алады және өзара іс-қимылдарды тең құқылық, ашықтық және адалдық қағидаттарында жүзеге асырады.

2.2. Тараптар арасындағы осы Меморандумның қолданылу саласына қатысты мәселелер бойынша даулар мен келіссөздер немесе Тараптар арасындағы консультациялар арқылы шешіледі. Осы Меморандумның шеңберінде операциялар жүргізу үшін жасалатын шарттарды (рұқсаттарды) іске асыру кезінде туындайтын даулар мен келіспеушіліктерді шешу тәртібі аталмыш шарттармен (келісімдермен) орнатылады.

2.3 Тараптар осы Меморандумды бірлескен қызмет бойынша заңды және қаржылық міндеттемелерге алып келмейтін көздеулердегі декларация ретінде қарайды.

2.4 Сонымен қатар, Тараптар осы Меморандумның шеңберінде ешқандай іс-әрекеттер Тараптардың ешбірінің қандай да бір уәкілеттіктері мен құқықтарын кемсітпеуі тиістігін түсінеді.

3. Қолданылу мерзімі

3.1 Осы Меморандум оған екі Тарап қол қойған күннен бастап күшіне енеді және екі тарап екіжақты келісім немесе бір тараптың қалауы бойынша екінші тарапқа алдын ала отыз күннен кешіктірмей хабарлаумен оны бұзған сәтке дейін қолданылады.

3.2 Осы Меморандумға барлық өзгертулер мен толықтырулар Тараптардың келісімі бойынша жазбаша нысанда рәсімделеді.

3.3 Меморандумды Тараптардың келісімі бойынша мерзімінен бұрын тоқтату қандай да бір санкцияларға алып келмейді және ағымдағы іс-шараларды іске асыруға кедергі жасамауы тиіс.

3.4 Осы Меморандумға 2021 жылғы «23» 09 екі данада қол қойылған, әрқайсысының бірдей заңды күші бар, әрбір Тарапқа бір данадан жасалған.

«Urker mitec» зияткерлік орталығы»
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
Нұр-Сұлтан қаласы, Сарыарқа даңғылы,
17, 13-кеңсе
тел: 8 (7172) 576380



Ақмола облысы денсаулық сақтау
басқармасы жанындағы «Көкшетау жоғары
медициналық колледжі» мемлекеттік
коммуналдық қазыналық кәсіпорны
020000, Көкшетау қаласы, Глинин көшесі, 54
Тел/факс: (87162) 315621, web-сайт: www.kmk.kz
e-mail: kwmk@kmk.kz



Серғалиева Н.С
ТАӨ